

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үкіметтік емес үйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 маусымдағы № 493 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне үкіметтік емес үйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-Министри

К. Мәсімов

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының
кейбір заңнамалық актілеріне
үкіметтік емес үйымдардың қызметі мәселелері бойынша өзгерістер
мен толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен
т о л ы қ т ы р у л а р е н г і з і л с і н :

1. «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» 2005 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 6, 8-құжат; 2011 ж., № 21, 171-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; 2013 ж., № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 3, 21 - құжат):

1) тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес үйымдар үшін гранттар және сыйлықақылар туралы»;

2) кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру, үкіметтік емес үйымдарға гранттар мен сыйлықақылар беру процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.»;

3) 1 - б а п т а :

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс - бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етілген, мемлекеттік органдар үкіметтік емес үйымдарға беретін әлеуметтік саладағы

міндеттерді шешуге бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды
іске асыру нысаны;»;

3-2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3-2) үкіметтік емес ұйымдар саласындағы үәкілетті орган (бұдан әрі - үәкілетті орган) — мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, сыйлықақыларды беру, гранттарды бөлу, олардың іске асырылуы мен мониторингі саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;»;

5-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5-1) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың, гранттардың іске асырылу мониторингі — мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың, гранттардың іске асырылу туралы ақпаратты жинау, өндіеу және талдау;»;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) үәкілетті орган жанындағы Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Үйлестіру кеңесі) - мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету бойынша жұмысты үйлестіру үшін үәкілетті орган құратын консультациялық-кеңесші орган;»;

мынадай мазмұндағы 8-1), 8-2), 8-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«8-1) үкіметтік емес ұйымдар үшін грант (бұдан әрі - грант) — азаматтық бастамаларды қолдау, әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге азаматтық қоғам институттарының әлеуетін тарту мақсатында үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор үкіметтік емес ұйымдарға беретін қаржат;

8-2) үкіметтік емес ұйымдар үшін сыйлықақы (бұдан әрі - сыйлықақы) - республикалық, салалық және өнірлік деңгейлердегі әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін үкіметтік емес ұйымдарға берілетін бюджет қаражаты;

8-3) үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор (бұдан әрі - оператор) - үкіметтік емес ұйымдарға гранттарды беру және олардың іске асырылуына мониторингі жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындастын акционерлік қоғам нысанындағы коммерциялық емес ұйым;»;

4) 2 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді, осы Заңнан, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан және

Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.»;

5) 3 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«3-бап. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар және сыйлықақылар беру процесін құқықтық реттеу қағидаттары»;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар және сыйлықақылар беру процесін құқықтық реттеу:»;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар және сыйлықақылар беру процесінің жариялышы мен ашықтығы қағидаттарына негізделеді.»;

6) 4-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

7) 4 - 1 - б а п :

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) үкіметтік емес ұйымдарға гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларын бекітеді;

2-2) үкіметтік емес ұйымдар үшін сыйлықақылар тағайындауды жүзеге асырады және оларды тағайындау тәртібін бекітеді;

2-3) Үйлестіру кенесін құрады, оның ережесін және құрамын бекітеді;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың іске асырылу мониторингін жүзеге асырады және оны жүргізу тәртібін бекітеді;»;

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

«7-1) оператордың өз қызметінің нәтижелері туралы есептерін қарайды және оның нысанын бекітеді;»;

8) 5 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«5-бап. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру, гранттар беру және сыйлықақылар тағайындау салалары»;

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру, гранттар беру және сыйлықақылар тағайындау мынадай бағыттар:»;

13-3) және 14) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

«2. Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қатыгездікпен қараудың салдарынан әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соқтырған өмірлік қызын жағдайда жүрген адамға (отбасыға) көмек көрсету мақсатында және Қазақстан

Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әлеуметтік маңызы бар бағыттар бойынша жүзеге асырылады.»;

9) мынадай мазмұндағы 6-1, 6-2 және 6-3-баптармен толықтырылсын:
« 6 - 1 - б а п . Гранттар

1. Гранттар бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік гранттарға және ерікті негізде бюджеттен тыс көздерден, оның ішінде халықаралық, шетелдік үйымдар беретін мемлекеттік емес гранттарға бөлінеді.

2. Гранттар конкурстық іріктеу негізінде тарату процесін, дәрменсіз (банкрот) деп танылған, мұлкіне тыйым салынған және (немесе) экономикалық қызметі тоқтатыла тұрған үкіметтік емес үйымдарды қоспағанда, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың өнім берушілер тізіліміне енгізілген Қазақстан Республикасының үкіметтік емес үйымдарына б е р і л е д і .

3. Қазақстан Республикасы аумағында үкіметтік емес үйымдар әзірлеген әлеуметтік бағдарламаларды, әлеуметтік жобаларды іске асыруға гранттарды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен үкіметтік емес үйымдарға оператор береді.

4. Мемлекеттік грантты алған үкіметтік емес үйымдар алынған қаражаттың он пайыздан аспайтын бөлігін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге пайдалана а л а д ы .

5. Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен реттелетін мемлекеттік емес заңды, жеке тұлғалар, сондай-ақ шетелдік және халықаралық үйымдар белгілі мақсаттарға (міндеттерге) қол жеткізу үшін мұлкін өтеусіз негізде Қазақстан Республикасының үкіметтік емес үйымдарына беру процесінде туындайтын қатынастарға осы бап қолданылмайды.

6 - 2 - б а п . Оператор

1. Оператор мынадай функцияларды:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық бастамаларды қолдау, әлеуметтік саланы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге азаматтық қоғам институттарының әлеуетін тарту мақсатында мемлекеттік және мемлекеттік емес гранттарды беруді;

2) Үкіметтік емес үйымдарға гранттар беру және гранттардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес гранттардың іске асырылу мониторингін жүзеге асыруды және уәкілетті органға гранттарды беру тетіктерін жетілдіру бойынша ұсынымдарды енгізуіді;

3) гранттардың іске асырылуы туралы ақпаратты оператордың реcми интернет-ресурсында орналастыруды;

4) өз қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті әзірлеуді және оны уәкілетті органға ұсынуды жүзеге асырады.

2. Оператор қоғамдық бақылауды дамыту мақсатында гранттардың іске асырылу мониторингі үшін сарапшыларды тартуға құқылды.

1. Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарына сыйлықақыларды
Үйлестіру кеңесінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі
тағайындасты. Үкіметтік емес ұйымдарды сыйлықақы алуға ұсыну туралы өтінімдерді
үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік органдар жыл сайын 1 қыркүйекке дейін
уәкілетті о р г а н ғ а б е р е д і .

Үкіметтік емес ұйымдар үшін сыйлықақылар тағайындау қағидаларын уәкілетті
о р г а н б е л г і л е й д і .

2. Сыйлықақыны алу үшін Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген үкіметтік
е м е с ұ й ы м д а р ұ с ы н ы л а д ы .

Сыйлықақыны алуға сол бір ғана үкіметтік емес ұйымдарды қатарынан үш жыл
ішінде қайта ұсынуға жол берілмейді. Сол бір ғана үкіметтік емес ұйым сыйлықақыны
алуға бір номинациядан артық номинация бойынша ұсыныла алмайды.

3. Сыйлықақының ең төменгі мөлшері Қазақстан Республикасының республикалық
бюджет туралы заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің
2000 е с е л е н г е н м ө л ш е р і н қ ұ р а й д ы .

4. Сыйлықақылар бір немесе бір мезгілде бірнеше үміткерге берілуі мүмкін, мұндай
жағдайда оның ақшалай бөлігі олардың арасында тең бөлінеді.».

2. «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қантардағы Қазақстан
Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж.,
№ 1, 8-құжат; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; 2004 ж., № 5, 30-құжат; № 10,
56-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., №
2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат;
2011 ж., № 2, 21-құжат; № 5, 43-құжат; № 17, 136-құжат; № 23, 179-құжат; № 24, 196-
құжат; 2012 ж., № 2, 13-құжат; № 8, 64-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11,
56-құжат; № 15, 81-құжат; 2014 ж., № 11, 63, 67-құжаттар; № 21, 122-құжат; № 23, 143-
қ ұ ж а т) :

12-баптың 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:
«7. Қор жыл сайын республикалық ресми мерзімді баспасөз басылымдарында өз
мүлкін пайдалануы туралы есепті жариялауға міндетті.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті